

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясын қайта құру мен дәрі-дәрмек нарығын дамыту мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 10 сәуір N 449

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл Бағдарламасына сәйкес, республика халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту, бәсекелестікті дамыту және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процессін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясынан /әрі қарай - "Фармация" холдингі/ "Фармация" холдингіне кіретін акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығы, сондай-ақ өндірістік және өнеркәсіптік кәсіпорындардың мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығы қайтарып алынсын;

қайта құрылғаннан кейін қалған "Фармация" холдингінің бас кәсіпорынының есебіндегі мүліктер жаңадан құрылатын акционерлік қоғамының жарғы қорына берілсін;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Баға мен монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп:

халықты әлеуметтік қорғау мақсатында жергілікті жағдайларды ескере отырып, мемлекеттік дәріханалар жүйесі құрылсын, денсаулық сақтау органдарына (ауруханалардың ішіндегі, ауруханалараралық және орталық аудандық) дәріхана мекемелерін қажетті мөлшерде бере отырып, олар денсаулық сақтау саласына бөлінетін бюджеттік қаражат шегінде ұсталсын;

ауылда және шалғай орналасқан елді мекендерде дәріхана мекемелерін сақтау керектігін және аумақтық ерекшеліктер мен объектілердің салалық ерекшеліктерін ескере отырып, аумақтық акционерлік қоғамдар мен "Фармация" холдингінің құрамындағы дәріханалар жүйесін, көтерме сауда базаларын, басқа да кәсіпорындары мен ұжымдарын кезеңдеп жекешелендірудің тетігі мен жоспарын әзірлеп, іске асыруға кіріссін.

2. Республикалық бюджет пен мемлекетаралық кредит желісі есебінен "Фармация" холдингі арқылы алынған дәрі-дәрмек препараттары үшін берешекті қосымшаға сәйкес сома мен мерзімде енгізу жөніндегі "Фармация" холдингінің құқықтық мұрагерлері болып оның негізінде жаңадан құрылатын акционерлік қоғам, облыстардағы "

Фармация" акционерлік қоғамдары, Алматының "Астана дәрі" акционерлік қоғамы және Шымкент "Химфарм" акционерлік қоғамы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет аурулардың жекелеген санаттарын дәрі-дәрмекпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жеңілдікті түрде қамтамасыз етудің тетігін әзірлеп, енгізетін болсын.

4. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. P980431_

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп, халықты және емдеу-профилактикалық мекемелерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ фармацевтикалық әрі медициналық өнімдерді шығару жөніндегі мемлекеттік саясат жүргізетін болсын;

тапшылықты импортқа дәрі-дәрмек алуға бөлінетін бюджеттік қаражат пен жеңілдікті кредитті тендерлік негізде бөлсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрамында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі Бас басқарма құру туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне келісілген ұсыныс енгізсін;

облыстардың, Алматы мен Ленинск қалаларының әкімдері жергілікті денсаулық сақтау органдарының жанынан тиісті құрылымдар құрсын;

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен келісе отырып, белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Денсаулық сақтау министрлігіне ғылым үшін бюджеттен бөлінетін қаржы шегінде ұсталатын Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация ғылыми орталығын құру туралы шешімнің жобасын енгізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 10 сәуірдегі
N 449 қаулысына
қосымша

Дәрі-дәрмек препараттары үшін берешекті енгізу,

қарыздың мөлшері (1995 жылғы 1 қаңтарға) мен
оларды өтеудің мерзімі жөніндегі "Фармация"
холдингі құқықтық мұрагерлерінің
Тізбесі

1. Орталықтандырылған кредиттік қаражаттар бойынша:

"Фармация" акционерлік қоғамының атауы (теңгемен)		берешектің мөлшері
1		2

Қайта құрылатын "Фармация" холдингі 37 360 620-80
негізінде

Ақтөбе облыстық	7 535 724-41
Алматы облыстық	10 409 288-43
Ақмола облыстық	8 892 963-15
Атырау облыстық	6 363 436-88
Шығыс-Қазақстан облыстық	10 016 561-61
Жамбыл облыстық	11 628 842-70
Жезқазған облыстық	3 659 378-69
Батыс-Қазақстан облыстық	10 277 819-40
Қарағанды облыстық	24 310 487-90
Қызылорда облыстық	13 710 019-00
Көкшетау облыстық	8 296 030-72
Қостанай облыстық	18 543 888-40
Маңғыстау облыстық	6 997 348-80

Павлодар облыстық	16 312 939-83
Солтүстік-Қазақстан облыстық	8 610 961-55
Семей облыстық	13 870 184-87
Талдықорған облыстық	14 237 712-50
Торғай облыстық	3 116 036-61
Оңтүстік-Қазақстан облыстық	42 290 427-38
Алматы қалалық "Астана дәрі"	15 932 646-94
Ленинск қалалық	666 455-06

Барлығы 293 039 775-63
(екі жүз тоқсан үш миллион отыз тоғыз
мың жеті жүз жетпіс бес теңге 63 тиын)

II. Ресей Федерациясының кредиті бойынша

Қайта құрылатын ("Фармация" холдингі негізінде)	8 620 400 000 ресей сомы (2 852 986-91 АҚШ долл.)
"Химфарм" Шымкент қаласы	1 879 600 000 ресей сомы (627 369,83 АҚШ долл.)

III. "Тега Контетрейд" фирмасының консигнациялық кредиті бойынша

Қайта құрылатын ("Фармация" холдингі негізінде)	13 386 000,0 АҚШ долл.
--	------------------------

IV. Қарызды өтеу мерзімін Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі белгілейді.